ƏОЖ 338.43.02

# АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САЛАСЫНЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ

# ПОВЫШЕНИЕ КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТИ СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТ-ВЕННОЙ ОТРАСЛИ

# INCREASING THE COMPETITIVENESS OF AGRICULTURAL SECTOR

**Т.С. РАХИМБЕКОВ[1]**
Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Вице-Министрі,
экономика ғылымдарының докторы, профессор
**Б.М. ИСКАКОВ[2]**
экономика ғылымдарының кандидаты, доцент [1]Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі [2]«Тұран-Астана» университеті

**Аңдатпа. Қазақстанның аграрлық секторының қазіргі жағдайы талданған. Саланың дамуын тежейтін басты мәселелер анықталған. Авторлар ауылшаруашылық өнімдер өндірісінің экономикалық тиімділігін арттыру үшін өнімнің сапасын жақсарту қажеттігін алға тартады. Республиканың АӨК -де жетекші технологиялар мен ғылыми жетістіктерді енгізу арқылы, тиісті инвестицияны тарту жағдайында өндіріс көлемін әрі қарай көбейтуде мүмкіндігі зор. Еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі басты мақсаттың бірі – отандық ауылшаруашылық өндірісті мемлекеттік тиімді реттеу арқылы оның салаларының өнімділігін және табыстылығын өсіру негізінде дамыту.**

**Аннотация. Проанализировано современное состояние аграрного сектора Казахстана. Выявлены основные проблемы, сдерживающие развитие отрасли. Авторы констатируют, что для повышения экономической эффективности производства сельскохозяйственной продукции необходимо улучшить ее качество. АПК республики располагает значительными потенциальными возможностями для дальнейшего увеличения объемов производства при условии привлечения соответствующих инвестиций, внедрения передовых технологий и научных достижений. Одна из основных задач обеспечения продовольственной безопасности страны - развитие отечественного агропромышленного производства на основе роста производительности и доходности его отраслей при эффективном государственном регулировании.**

**Abstract. The current state of agricultural sector of Kazakhstan has been analyzed. The main problems restricting the development of the industry have been identified. The authors state that it is necessary to improve product quality in order to improve economic efficiency of agricultural production. The AIC of the country has significant potential for further increase in production volumes in terms of attracting appropriate investments, introduction of advanced technologies and scientific achievements. One of the main objectives of ensuring the country's food security is the development of domestic agro-industrial production based on the growth of productivity and profitability of its branches under the effective State regulation.**

**Түйінді сөздер: агроөнеркәсіптік кешен, бәсекеге қабілеттілік, технологиялар, экономикалық саясат, мемлекеттік көмек, инновациялар, жаңғырту, тиімділік, азық-түлік қауіпсіздігі, өнімділік, табыстылық.**

**Ключевые слова: агропромышленный комплекс, конкурентоспособность, технологии, экономическая политика, государственная поддержка, инновации, модернизация, эффективность, продовольственная безопасность, продуктивность, доходность.**

**Key words: agro- industrial complex, competitiveness, technology, economic policy, State support, innovations, modernization, efficiency, food security, productivity, profitability.**

Қазіргі кезеңдегі ұлттық экономиканы дамытудың басты мәселелерінің бірі – экономиканың агроөнеркәсіп саласын тұрақтандыру және дамыту барысында индустриалды-инновациялық дамуға үлкен мән беру болып табылады. Осыған байланысты агроөнеркәсіп кешенін инновациялық дамыту, оның ішінде ауыл шаруашылығы саласының экономикалық тиімділігін арттыру жолдарын іздестіруге арналған зерттеулер ерекше маңызға ие.

Елбасымыз «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты жолдауында «Қазақстанның агроөнеркәсіп кешенін инновациялық бағытқа түсіру маңызды. Бұл – біздің дәстүрлі саламыз. Азық-түлікке деген қажеттілік арта береді. Бұл секторға инвести-ция көбірек салынады. Сондықтан бүгінгі фермерлер тек уақытша әрі ауа райына байланысты кездейсоқ жетістіктерді малданып қалмай, өндірістің өсімі жөнінде ойлануға тиіс. Жаһандық ауыл шаруашылығы өндірісінде бәсеке өсе беретін болады» деп атап айтқан болатын. Агроөнеркәсіпті инвестициялау негізінде біз аграрлық өнімдердің сапасы мен көлемін арттыруға толық мүмкіндігіміз бар [1].

Аграрлық саланың барлық салаларында – технология мен био-технологияларда, селек-ция мен тұқым шаруашылығында және басқа бағыттарда артта қалу бар. Әлемдік тәжі-рибеде білім мен ғылымды қолдаудың неғұрлым тиімді түрі инвестиция тарту болып табылады. Өркенитетті елдер экономикасының бәсекелестік қабілетін, әлемдік нарықтағы басымдылығын қамтамасыз ету мақсатында алдымен ғылыми техникалық бағдарлама жасайды және оны жүзеге асырады. Оларда байланыстырушы орталық буын – ғылым мен білім болып табылады. Ғылымның артта қалу себебі, оның қалдық принципі негізінде қаржыландырылуында, ғылыми ізденіске тапсырыс беру механизмінің жетілдірілмеуінде. Бұл кемшілік аграрлық сала бойынша дайындалатын мамандар сапасына жағымсыз ықпал етеді.

Бүгінгі күні елімізде ауылшаруашылық өнімін өндіруге, оны қайта өңдеуге және тұтынушыға жеткізуге қатысатын барлық салалар-ды қамтитын агроөнеркәсіптік кешенді дамы-туға басымдық берілгені белгілі. Шикізат секто-рына көбірек бағытталған ел экономикасы әлемдік нарықтағы өзгерістерге тәуелді болып келеді. Бұл жағдайды өзгерту үшін экономика-ны әртараптандыру, қайта өңдеу өндіріс орындарын дамыту, инновациялық жаңа технологиялар мен тауарлар шығаруды қолдау қажет.

Нарықтық экономика жағдайында Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуын нығайту үдерісі өндірістің, әсіресе ауыл шаруашылығының тиімділігін тұрақты әрі бекем арттыру үшін шаруашылық жүйенің түбегейлі қайта құрылуын талап етеді. Қазіргі таңда отандық экономиканы қайта құру кезінде бірқатар мәселелер туындады. Әсіресе, Қазақстан халқының өмір сүру деңгейін анықтайтын аса маңызды стратегиялық қызмет саласы ретінде агроөнеркәсіп өндірісінің тиімділігін арттыруға баса назар аударылды.

Бүгінгі таңда агроөнеркәсіп кәсіпорындары шаруашылық механизмнің жетілмеуінен, коммерциялық ақпараттың жеткіліксіздігінен, сыртқы орта факторларының (тұтынушылардың іс-әрекеті, нарықтық конъюнктураның өзгеруі, жаңа тауарлардың пайда болуы, т.б.) әлсіз талдануынан және нарықта жұмыс істеу тәжірибесінің жоқтығынан тұрақсыз шарттарда әрекет етіп келеді. Сондықтан, ауыл шаруашылық өнімін тұтынушыға дейін тиімді жеткізуге бағытталған зерттеулерді қайта қарастыру және күшейту қажет.

Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешенін дамыту аграрлық саясаттың аса маңызды бағыты болып отыр. Агроөнеркәсіптік кешеннің негізгі міндеті – елімізді азық-түлікпен, ал өнеркәсіпті ауыл шаруашылығы шикізатымен қамтамасыз ету. 2013 ж бастап Қазақстанда агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың жаңа бағдарламасы жасалып, аграрлық саланы дамытудың әлемдік деңгейлеріне жету және индустриялы агроөндірісті қалыптастыру алдымызға қойылды [2].

«Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды тұрақты дамыту, олардың бәсекеге қабілеттілігін көтеру және елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету» бағдарламасы бойынша реттелетін саланы немесе қыз-мет аясын дамытудың негізгі параметрлері агроөнеркәсіптік кешенді жетілдіру болып табылады. Бүгінгі таңда республиканың агроөнеркәсіптік кешеніндегі жағдай өндіріс тиімділігінің өсуімен, ауылдағы қаржы қызметі нарығының дамуымен, ауыл халқының тұрмыс сапасының жақсаруымен сипатталады.

Қазіргі жағдайда Қазақстандағы экономикалық жаңғырулар өзінің шешуші кезеңімен енді. Қазірдің өзінде нарықтық қатынастардың жұмысының негізгі және тиісті ұйымдық құрылымы қаланып, бірте-бірте өндірістің құлдырауы тоқтап және алға қарай жылжу мүмкіндігі пайда болып, үлкен мақсаттар мен агроөнеркәсіптік өндіріс дамуының стратегиясы мен тактикасын анықтау қажеттілігі туды.

Ауыл шаруашылығы мен агроөнеркәсіптік кешеннің барлық салаларының материалдық-экономикалық базасында саналы өзгерістер мен ілгерілеушілік бар. Аграрлық өндіріс жос-парлы түрде машиналы ірі индустрияға көшіріле бастады, шаруашылықаралық коопе-рация мен агроөнеркәсіптік интеграция дамы-ды. Республикалық мемлекеттік агроөнер-кәсіптік комитеттер мен өлкелік, облыстық ко-митеттер, сондай-ақ аудандық агроөнер-кәсіптік бірлестіктер құрылды. Енді еліміздің әртүрлі аудандарында ғылыми өндірістік бірлестіктер, өндірістік жүйелер құрыла бастады. Олардың бір-бірінен айтарлықтай ерекшеліктері

болғанымен, бәрінің мүдделері ортақ. Біріншіден, ғылым мен тәжірибе тығыз байланысты болып, ғылыми жаңалықтардың өндіріске барар жолын қысқартса, екінші жағынан серіктестер арасындағы кооперативтік келісім-шарт негізіндегі байланыстары өзара шаруашылық есепке қызығушылық туғызып, жауапкершілікті қамтамасыз етеді. Агроөнеркәсіптік комбинаттар, бірлестіктер, фирмалар ғылыми өндірістік және өндірістік жүйелер, шаруашылық есеп пен мердігерлік әдіске көшкен әр түрлі фирмалар біздің аграрлық экономикамыздағы шын мәніндегі жаңа құбылыстар болып отыр. Егін шаруа-шылығы мен өнеркәсіпті ұштастыру және агроөнеркәсіптік өндірісті басқарудың жаңа түрлерінің артықшылықтары былай сипатталады: біріншіден, бұл жаңалықтарды дұрыс пайдалану нәтижесінде шынайы интеграция, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірудің, сатып алудың, сақтаудың, қайта өңдеудің және тағамдық дайын азық-түліктерді сақтаудың бірыңғай процесі қамтамасыз етіледі. Бірлестіктердің және оның құрамына енетін шаруашылықтар мен кәсіпорындардың экономикалық жағдайы, оған қоса агроөнеркәсіптік кешен қызметкерлерінің материалдық жағдайының жақсы дамуы өндірілген өнімнің ба-сым бөлігін тұтынушыларға тікелей, дү-кендер арқылы сатуға байланысты болған-дықтан, шикізатты қайта өңдеу мен тағамдық азық-түліктердің сапасына деген көзқарас пен қамқорлық артады. Агроөнеркәсіптік құрамалардың еңбек коллективтерінің материалдық жағдайларының жақсаруы мен әлеуметтік мәселелерінің шешілуі түпкі өнімдерді сатуға түгелдей байланысты болып отырған жағдайда өндірісті ұйымдастыруды шын мәніндегі шаруашылық есеп пен өзін-өзі қаржыландыру принципінде жүргізуге итермелейді және мәжбүр етеді.

Қазіргі сәтте агроөнеркәсіптік кешенді дамытуды мемлекеттік реттеу саясаты мына-дай нысандарда іске асырылады: агроөнер-кәсіптік кешен субъектілері арасындағы субси-диялар, мемлекеттік сатып алулар және т.б. түрінде әртүрлі мемлекеттік қолдау нысан-дарын ұсыну; негізгі өндірістік құралдарды, ауыл шаруашылығы техникасының паркін, жабдықтарды, мал басын жаңартуға арналған жағдайларды қолдайтын қаржылық құралдарды қолдану; агроөнеркәсіптік кешен субъектілері үшін қаржылық-кредиттік құралдардың қолжетімділігін қамтамасыз ету.

Бүгінгі күні ауыл шаруашылығына жалпыреспубликалық өңірлер бойынша инвестиция салу деңгейі төмен көрсеткішті көрсетуде. 2010-2014жж бойынша төмендегі 1-кестеде ауыл шаруашылығындағы негізгі капиталға салынған инвестициялардың жалпыреспубликалық көлеміндегі өңірлердің үлес салмағы көрсетілген.

Кесте - 1. Ауыл шаруашылығындағы негізгі капиталға салынған инвестициялардың жалпы республикалық көлеміндегі өңірлердің үлес салмағы

| **Аймақтар** | 2010ж. | 2011ж. | 2012ж. | 2013ж. | 2014ж. | 2015ж. |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Қазақстан Республикасы | 100 | 100 | 100 | 108,4 | 100,0 | 93,7 |
| Ақмола облысы | 22 | 20,1 | 16,2 | 11,4 | 3,6 | 2,7 |
| Ақтөбе облысы | 6,1 | 2,2 | 2,1 | 10,6 | 9,5 | 7,3 |
| Алматы облысы | 8,3 | 4,7 | 9 | 9,8 | 9,2 | 8,1 |
| Атырау облысы | 0,4 | 0,9 | 0,2 | 14,6 | 21,7 | 8,2 |
| Батыс Қазақстан облысы | 7,4 | 0,9 | 0,9 | 1,3 | 6,5 | 5,0 |
| Жамбыл облысы | 0,2 | 1,5 | 0,6 | 1,5 | 3,7 | 11,5 |
| Қарағанды облысы | 7,9 | 4,8 | 6,2 | 6,4 | 5,7 | 5,5 |
| Қостанай облысы | 17,4 | 22,8 | 19,4 | 11,5 | 2,1 | 7,4 |
| Қызылорда облысы | 2,6 | 0,3 | 0,7 | 6,3 | 6,2 | 16,0 |
| Маңғыстау облысы | 0,1 | 0,1 | 0,4 | 9,5 | 13,0 | 2,3 |
| Оңтүстік Қазақстан облысы | 3,7 | 4,9 | 4,1 | 7,5 | 7,2 | 6,2 |
| Павлодар облысы | 1,8 | 3,7 | 3,7 | 5,1 | 4,1 | 4,3 |
| Солтүстік Қазақстан облысы | 15,7 | 26,3 | 29,4 | 12,3, | 2,4 | 3,7 |
| Шығыс Қазақстан облысы | 5,6 | 6,5 | 7,1 | 12,9 | 5,1 | 5,5 |
| Астана қ. | 0,6 | 0,3 | 0,1 | 0,2 | 0,2 | 0,4 |
| Алматы қ. | 0,2 | 0,2 | 0,4 | 0,1 | 0,2 | 0,3 |

Ескерту: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі статистика комитетінің ресми сайты stat.gov. kz/

Жоғарыдағы кестеден Қазақстан бойынша ауыл шаруашылығын инвестициялау деңгейінің ең жоғарғы үлесі 2013 ж 108,4%-ға дейін жеткенін көруге болады. Ал 2015 ж ол 93,7%-ға төмендеген. Жыл сайын әр өңірдің көрсеткіші әр түрлі көрсеткіштерді көрсетеді. 2010 ж. 22%-бен Ақмола облысы, 2011 ж. 26,3%-бен, 2014 ж. 29,4%-бен Солтүстік Қазақстан облысы, 2013 ж. 14,6%-бен 2014 ж . 21,7%-бен Атырау облысы, 2015 ж. 16,0%-бен Қызылорда облыстарының үлес салмағы жоғары болған.

Агроөнеркәсіптік кешен субъектілері үшін тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігін арттыру маңызды. Аталған бағыт шеңберінде мынадай

міндеттерді шешу қажет: өсімдік шаруашылығындағы, мал шаруашылығындағы және тауарлы балық өсірудегі және басым инвестициялық жобаларды іске асыру шеңберіндегі тауарлардың, жұмыстардың және көрсеті-летін қызметтердің экономикалық қолжетім-ділігін арттыру; білім беру қызметтерінің, аграрлық ғылым нәтижелерінің және консуль-тациялық қызметтердің экономикалық қолже-тімділігін арттыру, т.б.

Табиғат ерекшелігіне қарай Алматы облысы ауыл шаруашылығына қолайлы аймақ. Өзенді-көлді, таулы -қыратты даланы дұрыс пайдаланған облыс жұртшылығы мал өсіру мен егістік алқапты игеру жолында табандылықпен еңбек етіп, инновация мен жаңа технологияны кеңінен пайдалану арқылы шаруашылықтары жетістік пен нәтижеге қол жеткізуде. Осы жылдар ішінде ауыл шаруашылығындағы негізгі капиталға салынған инвестициялардың жалпыреспубликалық көлеміндегі үлес салмағы бойынша Алматы облысы 4-6 орындар аралығын иеленіп отырды [3].

Мал шаруашылығы – ел экономикасындағы орны ерекше салалардың бірі. Оны өркендетудің мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін арттыруда және халықтың әл-ауқатын одан әрі жақсартуда маңызы зор. Жалпы, еліміздің оңтайлы ауа райы мен жер ерекшелігін ескере отырып, мал шаруашылығын дамыту үшін жайылым мен мал азығын дайындау, өнімділік көлемін жоғарылату, сүт өнімдері мен ет сапасын жақсарту және т.б. мәселелерді бірінші кезекте шешу қажет.

Қазақстан нарығында жеке бизнес өздігінен дамуға қабілетті мал шаруашылығы шикізатының және өнімінің нарығы қалыптасқан және тиісінше, бағаларды тікелей мемлекеттік реттеу барынша төмендеуге тиіс емес. Алайда, қалыптасқан ауыл шаруашылығы құрылымына байланысты Қазақстанда мал шаруашылығының өсу мүмкіндігін айтарлықтай төмендететін мал шаруашылығы өнімін өндіру және қайта өңдеудің толық циклі бар компаниялар жоқ. Осыған байланысты жаңа инновациялық технологияларды енгізу – консалтингтік және қаржылық көмек беру арқылы мал шаруашылығы өнімін өндіру, қайта өңдеу және өткізудің барлық тізбегін қамтитын жүйелік жобаларды дамыту болып табылады.

2016 ж. статистикалық деректерге сүйенсек, Қазақстанда халықтың 43,3 пайызы ауылдық жерде тұрады , ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің құрамындағы мал шаруашылығының үлесі 47 пайыздан жоғары болып табылады. Қазақстан Республикасында мал санының өсу динамикасы 2-кестеде келтірілген.

Кесте 2 – Қазақстан Республикасында мал санының өсу динамикасы

| Жылдар | Ірі қара мал | | Жылқы | | Қой мен ешкі | | Шошқа | | Түйе | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Мың бас | өсімі, % | Мың бас | өсімі, % | Мың бас | өсімі, % | Мың бас | өсімі, % | Мың бас | өсімі, % |
| 2010 | 6 175,3 | - | 1 528,3 | - | 17 988,1 | - | 1 344,0 | - | 169,6 | - |
| 2011 | 5 702,4 | 92,3 | 1 607,4 | 105,2 | 18 091,9 | 100,6 | 1 204,2 | 89,6 | 173,2 | 102,1 |
| 2012 | 5 690,0 | 99,8 | 1 686,2 | 104,9 | 17 633,3 | 97,5 | 1 031,6 | 85,7 | 164,8 | 95,15 |
| 2013 | 5 851,2 | 102,8 | 1 784,5 | 105,8 | 17 560,6 | 99,6 | 922,3 | 89,4 | 160,9 | 97,63 |
| 2014 | 6 032,7 | 103,1 | 1 937, | 108,6 | 17 914,6 | 102,0 | 884,7 | 95,9 | 165,9 | 103,1 |
| 2015 | 7 045,7 | 104,1 | 2 527, | 109,5 | 18 213,6 | 103,0 | 765,6 | 98,9 | 164,3 | 104,6 |

Қазақстан Республикасының шаруашылықтарының барлық дәрежелеріндегі 2010-2015 жж ірі қара мал саны 6175,3 мың бастан 6 032,7 мың басқа (2,3 пайызға), қой мен ешкі саны 17 988,1 мың бастан 18 213,6 мың басқа (0,8 пайызға), шошқа саны 1 344,0 мың бастан 765,6 мың басқа (34,2 пайызға) және түйе саны 169,6 мың бастан 164,3 мың басқа (2,8 пайызға) дейін төмендеді.Ал жылқы саны осы аралықта сәйкесінше 26,8 пайызға өсті [4].

Қоғам мал шаруашылығы өнімдерін өндіретін жеке отандық және шетелдік кәсіпорындармен сыртқы нарықтарда бәсекеге түседі. Қазіргі уақытта Қоғамның басты шетелдік бәсекелестері Ресей, ҚХР, Түркия, Қырғызстан, Өзбекстан, Еуроодақ елдері, Латын Америкасы және Оңтүстік-Шығыс Азия болып табылады;

Қоғам мал шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру, сатып алу, қайта өңдеу және кезекті өткізу операцияларын өткізу арқылы ішкі нарықта бағаларды тұрақтандыру және қалыптастыру мақсатында, оның ішінде қазақстандық мал шаруашылығы брендін сыртқы нарықтарға жылжыту үшін әрекет етеді.

Алайда ауыл шаруашылығы саласының бәсекеге қабілеттілігін арттыру кезінде кездесетін келесі тәуекелдер анықталды. Табиғи-климаттық тәуекелдер ауыл шаруашылығының айтарлықтай деңгейде климаттық ауа райына тәуелді салаларға жататындығымен, сондай-ақ ауа райы жағдайларының ауытқуларының ауыл шаруашылығы дақылдарының құнарлығына, оларды өндіру көлемдеріне және болжанған көрсеткіштерге қол жеткізу дәрежесіне айтарлықтай әсер етуі мүмкін жем-шөп ресурстарымен мал шаруашылығын қамтамасыз етуге қатты әсер ететіндігінімен байланысты. Саланың жұмыс істеуінің табиғи-климаттық жағдайларға тәуелділігі сондай-ақ оның инвестициялық тартым-

дылығын төмендетеді. Қазақстандық экспорттың жекелеген тауарларына әлемдік бағалардың ішкі және сыртқы жағдаятының төмендеуімен және агроөнеркәсіп кешенін дамыту бойынша мақсаттарға қол жеткізу мүмкіндігінің азаюымен, экономиканың өсу қарқынының, инвестициялық белсенділік деңгейінің төмендеуімен, агроөнеркәсіп кешенін дамытуды үдетуге мүмкіндік бермейтін және саланың мемлекеттік инвестициялардан даму тәуелділігін күшейтетін банк жүйесінің дағдарысымен байланысты макроэкономикалық тәуекелдердің болуы да қарастырылады [5].

Ішкі нарықтағы ауыл шаруашылығы өнімінің экспорттаушылары мен импорттаушыларының қызметімен және халықаралық нарықтағы жағдаймен байланысты басқа елдерде аграрлық секторды барынша сәтті және тиімді қаржыландырумен, ауыл шаруашылығы өнімінің халықаралық сауда жағдаятының өзгеруімен (бұл ауыл шаруашылық қызметінің нәтижелеріне әсер етуі мүмкін), Қазақстанның Дүниежүзілік Сауда Ұйымына кіруі нәтижесінде бәсекелестіктің айтарлықтай өсуімен және әртүрлі аграрлық саясат шараларын қабылдау бойынша, оның ішінде ауыл шаруашылығын іштей қолдау, тарифтік квоталау және кедендік баждар деңгейі бойынша шектеулердің күшеюімен байланысты халықаралық саяси-сауда тәуекелдерінің де дәрежесі қарастырылуда.

Жерге меншік құқығын ресімдеуді жүзеге асыру күрделілігі бойынша заңнамалық базаның жеткіліксіз жетілдірілуінде көрінетін заңнамалық тәуекелдердің де орын алып отырғандығы қарастырылуда. Бұл ретте жер учаскелеріне жеке меншік құқығын заңды рәсімдеу қиындықтары ауыл шаруашылығы ұйымдарының кепілдік зат ретінде жерді пайдалану мүмкіндігін шектейді және ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге нақты нарықтық жағдайларда қаржы ресурстарын тартуға мүмкіндік бермейді.

Ауыл шаруашылығы саласының бәсекеге қабілеттілігін арттырудың алғышарттарын жетілдіру мемлекеттің экономикасын дамытуға септігін тигізетін маңызды фактор болатыны анық.

***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі***

1 Қазақстан Республикасының Президенті - Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы // Жалпыұлттық республикалық газет Егемен Қазақстан №20 (29001) 31 Қаңтар, Сейсенбі 2017ж.

2 Тлеужанова М.А., Касенова А.Ж., Укампирова А.Б. Қазақстан аграрлық секторы және оның экспорттық мүмкіндіктері // Аграрлық нарық проблемалары.-2016.-N3.- Б.22-29

3 Кешуов С.А., Бектемисов С.А. Акту-альные вопросы технического оснащения сельского хозяйства РК //Экономика.- 2011.- №4.-С.45

4 Нукешева А.Ж., Косыбаева А. Аграрлық өндірісті диверсификациялау ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру жолы ретінде/ «Сейфуллин оқулары – 12: Ғылым жолындағы жастар-болашақтың инновациялық әлеуеті» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары.- 2016.– Т.1.- Б. 306-309.

5 Қазыбаева М.Н. Ауылшаруашылық өнімдеорінің бәсекеге қабылеттілігін арттырудағы мемлекеттің баға саясатының маңызы // Аграрлық нарық проблемалары. -2016 - №2.- Б.157-163.

***Pajdalanylғan ədebietter tizimi***

1 Қazaқstan Respublikasynyң Prezidenti - Elbasy N.Ə.Nazarbaevtyң «Қazaқstan-2050» strategijasy қalyptasқan memlekettiң zhaңa sajasi baғyty» atty Қazaқstan halқyna Zholdauy //Zhalpyұlttyқ respublikalyқ gazet Egemen Қazaқstan №20 (29001) 31 Қaңtar, Sejsenbi 2017zh.

2 Tleuzhanova M.A., Kasenova A.Zh., Ukampirova A.B. Қazaқstan agrarlyқ sektory zhəne onyң jeksporttyқ mүmkindikteri //Agrarlyқ naryқ problemalary.-2016.-N3.-B. 22-29

3. Keshuov S.A., Bektemisov S.A. Aktual'nye voprosy tehnicheskogo osnashhenija sel'skogo hozjajstva RK //Jekonomika.- 2011.- №4.-S.45

4 Nukesheva A.Zh., Kosybaeva A. Agrar-lyқ өndiristi diversifikacijalau ұlttyқ jekono-mikanyң bəsekege қabilettiligin arttyru zholy retinde / «Sejfullin oқulary-12: Ғylym zholynda-ғy zhastar-bolashaқtyң innovacijalyқ əleueti» atty Respublikalyқ ғylymi-teorijalyқ konferen-cija materialdary.- 2016.- T.1.- B. 306-309.

5 Қazybaeva M.N. Auylsharuashylyқ өnimdeoriniң bəsekege қabylettiligin arttyrudaғy memlekettiң baғa sajasatynyң maңyzy // Agrarlyқ naryқproblemalary.-2016.-№2.-B.157-163.